

Адилбаева Г.Е.

*Шыршық мемлекеттік педагогика университеті  
Мектепке дейінгі білім факультеті 2-курс студенті*

**Аңдатпа.** Мақалада балабақшалар да балалардың өз бетінше ойлау қабілетін қалыптастыру негізі ересек топтарда қаланады, яғни ересек топ балалары оқу барысында ойлау дағдысына төселіп, істі творчестволықпен, ұтымды орындауға үйренуі жайында шолу жасалған.

**Abstract.** *In the article, the foundation for the formation of children's ability to think independently in kindergartens is laid in adult groups, that is, the children of the adult group learn to think during their studies and learn to do things creatively and rationally..*

**Кілт сөздер:** *балабақша, мектепке дейінгі, білім, оқу.*

**Key words:** *Kindergarten, preschool, education, study.*

«Балабақша жас ұрпақтарды олар болашақта өмір сүріп, жұмыс істейтін қоғамдық жағдайларды мейлінше ескере отырып өсіруге, оқытуға және тәрбиелеуге тиіс»,— делінген «Жалпы білім беретін және кәсіптік балабақша реформасының Негізгі бағыттарында». Қазіргі кездегі қоғам дамуындағы, ғылым мен техникалық прогреске байланысты ерекшеліктердің бірі — еңбектің творчестволық сипат алуы. Осыған орай, біздің балабақшаларымыздың бүгінгі таңда алда тұрған ең маңызды міндеттерінің бірі-балалардың жас шағынан бастап, өз бетінше ойлау қабілетін қалыптастыру, творчестволық белсенділігін арттыру. Балабақша реформасының оқытудың мазмұнын ғана емес, сонымен қатар бүкіл әдісін, құралдарын ұйымдастыру формаларын онан әрі жетілдіруді қарастыруы, балалардың белсенділігін туғызатын әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануды ұсынуы кездейсоқ емес.

Балабақшалар да балалардың өз бетінше ойлау қабілетін қалыптастыру негізі ересек топтарда қаланады, яғни ересек топ балалары оқу барысында ойлау дағдысына төселіп, істі творчестволықпен, ұтымды орындауға үйренеді. Ал ойлау не арқылы іске асады? десек, әрине, алдымен тіл арқылы. Ойлаудың негізгі басты құралы - тіл болып саналады. И.К. Маркстің айтуынша, «Тіл дегеніміз ойдың тікелей шындығы». Адамның ойы тіл арқылы, тілдегі сөздер және сөз тіркесі арқылы айтылады да, материалдық формаға енеді. Ал ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәлдене түседі. Тіл шындықтағы заттар мен құбылыстардың, олардың сан алуан белгілері мен адамдардың өзара қарым-қатынасының санадағы бейнелері болып табылатын ойлау формаларын белгілейтін материалдық құрал ретінде қызмет атқарады.Тілдің қатынас құралы болып қызмет атқаруы сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады. Ал мұның өзі адамдардың сөйлеу әрекеті болғандықтан психология ғылымының зерттеу объектісіне айналады.

Сөйлеу әрекеті алдымен ішкі және сыртқы сөйлеу деп аталатын үлкен екі түрге, сонан кейін сырттай сөйлеудің өзі ауызша және жазбаша сөйлеу болып бөлінеді. Сөйлеудің бұл түрлері бір-бірімен диалектикалық тығыз байланыста іске асып отырады, Өйткені олардың физиологиялық негізі бір, ол негіз — ми жарты шарларының қабығындағы екінші сигнал системалары. Олардың негізінде сөйлеу органдарының қозғалысынан шығатын кинестетикалық сезімдер жатыр.

Кинестетикалық түйсікке негізделген шығарма мен мазмұндама жазу балалардың қабылдауын дамытып, ой өрісін кеңейтеді, тілін дамытады, оларды қиял шыңына шарықтатып, тәтті сезімге бөлейді.

Психологтардың анықтауынша, ересек топ балаларының қиял дүниесіне бой ұруы, әр түрлі оқиғаларға кездесуге құштарлығы, өзін ертегі кейіпкерлерінің орнына қойып, ойға алғанын іске асыруға әрекет жасауы басым болады. Олардың бұл ерекшеліктерін творчестволық жұмысқа пайдаланудың зор маңызы бар. Қиялдың шарықтап дамуының ең жоғары сатысы творчестволық әрекетпен тығыз байланысты болады. Қиял екі түрлі: пассивтік және активтік. Ал активтік қиялдың өзі қайта жасау, творчестволық болып екіге бөлінеді. Шығарма, мазмұндама жұмыстары активтік қиялдың екі түрін де дамытады. Өйткені кітап оқу, түрлі суреттер, диафильмдер көру арқылы алуан түрлі оқиғаларды көз алдына елестету — қайта жасау қиялының көрінісі болса, бала қиялының бетін шындыққа бұрып, іс-әрекетіне өз ойынан шығарғанын, өздігінен тапқандарын қосып дамытуға, толықтыруға үйрету творчестволық қиялдың дамуына әсер етеді. Осыған байланысты, шығарма (әсіресе еркін тақырыпқа), сондай-ақ мазмұндама жұмыстарын түрлендіріп жүргізудің оқушыларды творчестволық жұмысқа үйретуде атқаратын ролінің зор екені келіп шығады.

Шығарма мен мазмұндамада психикалық таным процестерінің қызметін, түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиялды күшейтеді, әсіресе ой қызметінің белсенділігін арттырып, мидың үлкен жарты шарлар қабығында өтіп жататын анализдеу, синтездеу әрекетін күшейтеді, анализаторлардың мидағы ұштарының арасында туып жататын уақытша нерв байланыстарын жасайды және жетілдіре түседі.

Шығарма мен мазмұндама жүргізуге дайындалу барысында, әсіресе ересек топ балаларының психикасында 1-сигнал системасының қызметі басым болғандықтан, балалардың өмірде көрген-білгендеріне, заттың тікелей өзін көрсетіп, сол жөнінде қабылдауларына, оқиғаны бақылау қабілеттеріне сүйену қажет.

Тексті алдын ала синтездеу жұмысына ерекше назар аударған жөн. Өйткені тексті алдын ала синтездеудің, яғни жазбас бұрын тексті жобалап алудың қате жібермеу үшін де тигізер пайдасы мол. Жазу процесінің аналитикалық және синтетикалық жағы неден көрінеді?

1. Сөз таңдағанда бала әңгімеленгелі отырған оқиғаға сай келетін сөздерді таңдап ала білсе, бұл — аналитикалық процес, ал осы сөздерді текстің ішіне енгізуі синтетикалық процесс болып есептеледі.

2. Сөйлем құрастыруда — анализ — субъектілер мен предикаттарды іріктеп және заттың белгілерін көрсететін сөздерді іріктеп алу; ал синтез — осылардың сөйлем ішінде орын-орнына қойып орналастыру.

3. Текст құрастыруда анализ — тұтас, текстті бірнеше бөлімдерді бір-бірімен жалғастыру. Жазуға дайындық кезінде, текске жоспар жасау — анализ арқылы іске асса, сол жасалған жоспар бойынша толық текстті құрастырып айтып не жазып беру синтетикалық процесс болып табылады.

4. Шығарма жазу барысында анализ үнемі синтезден бұрын жүреді, анализдің бұрын келуі синтезге жол ашады.

5. Психология оқулықтарында мектеп жасындағы балалардың қабылдауы эмоциямен, сезіммен сабақтас жүретіні айтылады. Сондықтан мазмұндамаға алынатын текстер мен шығармаға ұсынылатын материалдар балаларда болатын көңілділік, сезімталдық, қызығушылық, еліктегіштік сияқты қасиеттер ескеріле іріктелуге тиіс.

Балабақшада балаларды мазмұндама мен шығарма жазуға үйрету жұмыстарында да, басқа пәндердегі сияқты, оның ғылымилығы, теорияның практикамен байланыстылығы, көрнекілік, саналылық, түсініктілік, оқушылардың белсенділігін арттыру және жүйелілік принципі ескеріледі. Шығарма мен мазмұндама материалдарын іріктеуде балалардың жас ерекшеліктері және бұрыннан бар білім қоры мен машықтары, шеберліктері есепке алынумен бірге, топта программалық талаптар ескеріліп отырады. Бұл жұмыстарда оқушылардың белсенділігін арттыру мен саналылықты жүзеге асыру үшін балаларды өз ойының барысын байқауға, біреудің айтқанын тыңдай білуге, айналадағы өздерін қоршаған табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуге, заттар мен құбылыстарды салыстырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды таба білуге үйрету жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар оқушыларды мазмұндама мен шығарма жазуға үйрету барысында оларға қандай машықтар берілуге тиіс екені белгіленуі қажет. Өйткені баланың бойында бар қасиетті пайдаланып, оларды жаңа әдетке тәрбиелейтінімізді біліп алмайынша, жұмыстан белгілі бір нәтиже күту қиын. Машықтың физиологиялық механизмі жоғары нерв жүйесіне бағынатын шартты рефлексдер, ол бірінші сигнал системасының қатысымен екінші сигналдық системада жасалады. Ендеше әдетке бала механикалық түрде емес, саналы түрде жаттығады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБЕТТЕР ТІЗІМІ:

13.Л.П. Федеренко, Г.А.Фомичева, В.К. Лотарев, Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. А., «Мектеп», 1981, 244 бет

14.Мұқанов М. Ақыл -ой өрісі. Алматы, «Қазақстан» баспасы. 1980 жыл

15. Баймұратова Б «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету» Алматы, «Мектеп» 1981 ж

16. Баймұратова Б «Тіл дамыту әдістемесінің методикасы» Алматы,-2007ж
- 17.Әуелбаев Ш. «Бастауыш класта қазақ тілін оқыту методикасы» Алматы «Мектеп». 1987ж.
18. Қ.Молдабек, Қ Сандыбай, Ы. Балқыбекова «Бастауыш мектепте тіл дамыту» Шымкент. 1999
19. Бақраденова А, «Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеуі және тіл дамуы» Алматы 1993ж
20. Адамбаева Ж, «Бастауыш сыныптардағы тіл дамыту» Алматы, 2000ж
21. Баймұратова Б. «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу программасы». Алматы, «Мектеп» 1989ж
22. Сабулатова С «Балалардың сөздік қорын, тіл байлықтарын дамыту», «Отбасы және балабақша» №6-06ж-8б.
23. //Отбасы және балабақша// №1-2003. 13-14б
24. Адамбаева Ж. «Орыс мектебінің бастауыш сыныптарында тіл дамыту» Алматы, 2000.